

**"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 23
қаңтардағы № 5 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 9 тамыздағы № 782 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 тамызда № 23931
болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-
тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004
жылғы 23 қаңтардағы № 5 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеу тізілімінде № 2686 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2)
тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын
қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев